

«НҰР-АЙЗА» ЖШС
«АЙЗА» БАЛАБАҚШАСЫ

ТОО «НҰР-АЙЗА»
ДЕТСКИЙ САД «АЙЗА»

БҰЙРЫҚ

№ 3 «22» 09 2025ж.

Ақтөбе қаласы

ПРИКАЗ

№ 3 «22» 09 2025г.

город Актөбе

«Балабақшада балалардың тамақтануын ұйымдастыру туралы»

Балабақшада балаларды үйлестірілген тамақпен қамтамасыз ету, мөлшерлері мен құнарлығын, ас мәзіріне сәйкес тамақ дайындау технологиясын қатаң қадағалау, сонымен бірге балабақшадағы тамақтандыруды бақылауды жүзеге асыру мақсатында

Бұйырамын:

1. Санитарлық-эпидемиологиялық талаптармен (05.04.2023ж. ҚР ДСМ-60 СанЕжН) және бекітілген «он күндік ас мәзірінің үлгісімен» белгіленген жас ерекшеліктері, МДҰ-ның 10,5 сағат жұмыс тәртібі жәнет тамақтандыру еселігі ескеріле отырып, балаларды тамақтандыру ұйымдастырылсын.
- 1.1. Есепшіге (05.04.2023ж. № ҚР ДСМ-60 СанЕжН) бекітілген нормаға және азық-түлік бағасына сәйкес күндік тамақтандыру құнын есептеу жүктелсін.
- 1.2. Бір баланың бір күндік тамақтану құны 05 қаңтар 2025 жылдан бастап 980 теңге сомасында бекітілсін.
2. 05.04.2023ж. ҚР ДСМ-60 СанЕжН және қызметтік міндеттеріне сәйкес тиімді тамақтандыруды ұйымдастырудағы жауапкершілік диеталық мейірбикелерге жүктелсін:
 - 2.1. Ас мәзірінде көрсетілген өткен күн қарсаңында ас мәзір-тапсырысын құру;
 - 2.2. Ас мәзір тапсырысты құрастыру кезінде келесі талаптар ескерілсін:
 - 3-6 жастағы балалар үшін ас үлесі жаза отырып, балабақша жасындағы балалар үшін нормалар белгіленсін;
 - 3 тағамды «С» дәрімендеу жүргізілсін;
 - меңгерушінің, диеталық мейірбикенің, қоймашының, қоймадан ас қабылдайтын азпаздың қолдары қойылсын.
 - 2.3. Ас мәзірінде көрсетілген күні сағат 09.30-дан кешіктірмей меңгерушіге ас мәзірі бекітуге ұсынылсін.
 - 2.4. Ағымдағы күні сағат 10.00-ден кешіктірмей ас-мәзірі бойынша азық-түлік қайтару және толтыру жүргізілсін.
3. Балабақшада (жас ерекшелік топтары бойынша) а қабылдау кестемі бекітілсін:

Таңғы ас – 08.50-09.20;
Дәрумен таңғы ас – 10.30;
Түскі ас – 12.00-12.45;
Бесіндік ас – 15.00-15.40;
Кешкі ас – 17.00-17.30
4. Балабақшада тамақтандыруды ұйымдастыруға жауап беретін тамақ блогының қызметкерлеріне:
 - 4.1. Тек берілген және дұрыс рәсімделген ас мәзірі бойынша жұмыс істеуге рұқсат берілсін;

4.2. Алар кезде сапасыз өнімдер немесе олардың жетіспеушілігі актімен рәсімделсін, оған қоймашы, медбике, жеткізушінің өкілі қол қояды;

4.3. Қоймадан азық-түліктің берілуі жүзеге асырылсын:

- таңғы асқа – ас-мәзірде көрсетілген өткен күн қарсаңында сағат 17.00-ден кешікпей;

- түскі асқа, бесіндік асқа, тығыздалған бесіндік асқа-ағымдағы күннің сағат 10.00-нан кешіктірмей.

5. Қызметкерлер үшін ұзақтығы 30 минут құрайтын түскі үзіліс бекітілсін (ҚР ЕК 81 бап 14 тармақ).

6. Тамақтандырудың ұйымдастырылуын бақылау мақсатында бракераж (сарапшылық) комиссия құрылсын. Бақылау нәтижелері туралы жазба арнайы журналға жазылып, оны жүргізудегі жауапкершілік диеталық мейірбикеге жүктелсін.

7. Есепшіге әр айдың соңғы күнінде қоймадағы азық-түліктер қалдығын шығарып, барлық бұзушылықтар туралы меңгерушіге хабарлап отыру жүктелсін.

8. Қоймашы азық-түліктің өз мерзімінде жеткізілуіне, салмағының дәлдігіне, санына, сапасына және олардың түрлеріне жауапты болады. Ай сайын есепшімен бірге азық-түлік қалдықтарын тексеру жүргізіледі.

9. Аспаздар басшы бекіткен ас мәзірі бойынша азық-түліктің салынуына, тағамдарды әзірлеу технологиясының сақталуына жауапты болады.

10. Ас әзірлейтін бөліктен топтарға дайын тағамдарды беру кестесі бекітілсін;

- таңғы ас – 08.50-09.20

- түскі ас – 12.00-12.45

- бесіндік ас – 15.00-15.40

- кешкі ас – 17.00-17.30

11. Тамақ топтарға дайын тағамдарға органолептикалық бағалау жүргізіліп, бақылау үлестерін рәсімдегеннен кейін диеталық мейірбикенің рұқсатымен беріледі.

12. Болуы қажет:

Ас әзірлейтін бөлікте:

- аспаз бұрышы

- сыйымдылық кестесі (А-3 пішімі)

- жас ерекшелігіне сай дайын тағамдар үлесінің көлемі туралы ақпарат

- дайын тағамдарды беру кестесі

- дайын тағамдардың тәуліктік сынамалары

- дайын тағамдарды беруге арналған өлшенген ыдыстар, соңғы тексерілген күні көрсетілген таразы

- медициналық дәрі қорап

Дәлізде:

- Тамақтану бұрышы;

- Басшы бекіткен, дайын тағамдар үлесінің көлемі көрсетілген «Ас мәзірі»

13. Әр топта «Тәрбиешінің көмекшісі бұрышы» безендіру ;

- ыдыс-аяқты жуу және сақтау ережелері;

- шүберектерді өңдеу және сақтау;

- дайын тағамдар үлес нормалары (жас бойынша) және басқасы;

14. Ас әзірлейтін бөлік жұмысшыларына жұмыс орнында жеке заттарды сақтауға тыйым салынады;

15. Әр топтағы балалардың тамақтануын ұйымдастыру үшін жауапкершілік тәрбиешілер мен олардың көмекшілеріне жүктеледі;

Тәрбиешілер:

- Дайын тағамдардың үлес көлемін, ыдыс-аяқ және ожау көлемін білу;

- Үстелді даярлау кезеңінде эстетиканы сақтау;

- Ас қабылдау ұйымдастыру кезінде біркелікті сақтау;

- Тамақтандыру кезінде балаларды мәдени-гигиеналық дағдыларға баулу;
 - Балалардың кезекшілігін ұйымдастыру;
 - Тағамдық аллергиясы бар балалардың тізімі болуы тиіс.
- Тәрбиешілердің көмекшілері білуі тиіс:

- Тамақты алу уақытын;
- Ыдыс-аяқты жуу және сақтау ережелерін;
- Шүберекті өңдеу және сақтау ережелерін;
- Тағам қалдықтарын жинау және шығару ережелерін.

16.Қоймашы, аспаздар мен диеталық мейірбекенің тамақтандыруды ұйымдастыру жөніндегі арнайы журналдары болып, оны нысан бойынша жүргізіліп отыруы.

Диеталық мейірбекеге:

-Тамақтандыру нормаларының орындалуын бақылау журналы/жинақтаушы тізімдемесі;

-Дайын өнімнің бракераждық журналы;

-«С» дәрімендеу журналы;

-Ас әзірлейтін бөлік жұмысшыларының денсаулық жағдайын тіркеу журналы;

-Тағам өнімдері нормаларының орындалуын бақылау тізімдемесі;

Қоймашыға (шаруашылық меңгерушісіне):

-Тез бүлінетін өнімдерді пайдалану журналы;

-Қойма кітабы;

-Тағам өнімдері мен азық-түлік шикізатының бракераж журналы.

Аспаздарға:

-Азық-түлікті салқындай өндеген кездегі қадықтар журналы.

17.Осы бұйрықтың орындалуын қадағалануы өзіме қалдырамын.

«Айза» балабақшасының
меігерушісі



А.А.Алдадосова,

Таныстым: